

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті



Кафедра: Балалар жасындағы стоматология

СӨЖ

Презентация

Тақырыбы: Балалар стоматологиясындағы реминерализациялаушы терапия. Материалдардың құрамы мен қасиеті, шығарылу түрлері. Көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері.



Тексерген: Караськова Д.

Орындаған: Төреқұлов Ү.

Факультет: Стоматология

Курс: IV

Тобы: 12-003-01

Алматы 2016

Жоспар:

- **Кіріспе**

Қазіргі замандағы реминерализацияның ролі

- **Негізгі бөлім**

Реминерализациялаушы терапия туралы жалпы түсінік

Реминерализациялаушы терапияның түрлері

Қолдану және қарсы көрсеткіштері


Қолданылатын препараттар

Реминерализациялаушы терапияны жүргізу әдістері


- **Қорытынды**

Кіріспе


Реминерализациялаушы терапия – бұл тіс тініне минералды заттардың түсуімен оның минералды құрамын қайта қалыптастыру жолымен тісжегінің алдын алу шаралары.



Реминерализациялаушы терапияның түрлері



**Жалпы
реминерализациялаушы
терапия** – тісжегінің өсуін
20-30% төмендететін фторлы
дәрі-дәрмектерді ішке
қабылдау. Натрий фторидінің
таблеткалары тіс тінің дамуы
мен пісіп жетілуі кезінде
тиімді, сондықтан оларды тіс
жарып шығуына дейін де,
кейін де қабылдау керек.
Натрий фторидінің дозасы: 2
жасқа дейін-0,25 мг, 2-4 жас
аралығында- 0,5 мг және 5
жастан бастап 1 мг.



Жергілікті реминерализациялаушы терапия – тістің қатты тіндеріне тікелей әсер ету: ауыз қуысын шаю, реминерализациялау заттарын тістің қатты тіндеріне жағу (себу), реминерализациялаушы препараттарды электрофорез арқылы енгізу.




Қолдану көрсеткіштері:

- Тісжегін алдын алу
- Дақ кезеңіндегі тісжегін консервативті емдеу
- Тістің кариозды емес зақымдануларын емдеу (гипоплазия, флюороз, кіреукенің қышқылды некрозы)
- Тістің гиперестезиясы
- Тістерді ағарту процедураларынан кейін
- Ортодонтиялық емдеуге дейін, оның барысында және аяқталу кезінде.

Қарсы көрсеткіштері тек қана жеке көтере алмаушылық болып табылады.

Реминерализациялаушы терапияда құрамында кальций, фосфаттар және т.б. микроэлементтер бар келесі препараттарды қолданады:

1. Кальций глюконатының 10% ерітіндісі
2. Қышқылдатылған кальций фосфатының 5 - 10% ерітіндісі
3. Кальций глицерофосфатының 2,5 - 10% ерітіндісі
4. Кальций лактатының 5 - 10% ерітіндісі
5. Ремодент 3% ерітіндісі (су негізінде)
6. Құрамында кальций-фосфат бар гельдер (R.O.C.S., ремодент)
7. Фторлак («Дурафат», «Омега дент», «Sodium fluoride»)



Фторлак құрамы:

- * Натрий фториді 5 г
- * Шеллак 19г
- * Хлороформ 12г
- * Этил спирті 24г
- * Бальзам пихтовый 40г

Реминерализациялаушы терапия әдістері:

- Е.В.Боровский және П.А.Леус бойынша
- Т.Ф.Виноградова бойынша
- П.А.Леус бойынша
- Г.Н.Пахомов бойынша

Е.В.Боровский и П.А.Леус (1972) әдісі

Кальций глюконаты мен натрий фторидін қолдану арқылы тісжегінің алдын алу мен бастапқы сатыларын емдеуді ұсынды. Тісжегінің алдын алу сеансы алдында науқас тістерін 2-3 минут бойы гигиеналық пастамен жуады. Сосын кальций глюконатының 10% ерітіндісіне малынған мақта тампондарын тістерге қою, аппликация 3-5 минут шамасында болуы керек. Глюканат аппликациясы біткен соң процедураның екінші сатысы басталады: фторлы натрийдің 3% ерітіндісіне малынған валиктерді тістерге қою. Бір курсқа күнара үш процедура көрсетілген. 5-6 айдан соң бұл процедураны қайталауға болады.

Т.Ф.Виноградова бойыншы әдіс:

а) кальций
глюконатының 10%
ерітіндісімен
апликация 2-4 мин;

б) ауыз қуысының
натрий фториді
0,05-0,2% ерітіндісімен
ванночкасы немесе
шаю 1-2 мин немесе
тістерге фторлак жағу



Леус П.А. бойынша әдіс (1997):

а) кальций глюконаты
10% ерітіндісімен
электрофорез 3 - 5 мин;

б) натрий фториді 2%
ерітіндісімен аппликация
1 - 2 мин. Курс: 1 апта
аралығымен 3 рет.



Г.Н.Пахомов соавторларымен бірге жануарлар сүйегінен алынған «Ремодент» препаратын ұсынды (1981).

Оның бірнеше түрлері бар: ерітінді, ұнтақ және тіс пастасы түрінде.

Препарат құрамына кіреді:

- кальций - 4,4%; фосфор - 1,4%,
- магний - 0,15%; калий - 0,20%,
- натрий - 16,0%; хлор - 30,0%,
- Органикалық заттар - 44,0%,
- микроэлементтер - до 100%.




Аппликация алдында науқас тістерін гигиеналық пастамен жуады, сосын Ремодент ерітіндісіне малынған тампондарды 15-20 минутка тістерге қояды. Жылына 3-5 процедура көрсетілген. Процедурадан кейін 2 сағат ішінде тамақтану ЖӘНЕ тіс жууға болмайды. Ауызды шаю үшін (3-5 минут) 3% ерітінді қолданылады.

Қорытынды

Тіс - адам ағзасының маңызды органдардың бірі. Онда минералдар алмасуы үздіксіз жүреді. Кальций, фосфор және магний тіс тінін қалыптастырып, оның мықтылығын қамтамасыз етеді. Ал осы минералдардың алмасуы бұзылған жағдайда тістің тісжесіге төтеп беру жағдайы күрт төмендейді, соның салдарынан қазіргі заманда жасанды реминерализациялау жүргізіледі. Ол үшін тістің қатты тіндерінің төзімділігін күшейтетін дәрілік заттар қолданылады.

Назарларыңызға рахмет !!!



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Курякина Н.В., Савельева Н.А. Стоматология профилактическая.
2. В.К. Леонтьева, Л.П. Кисельникова
«Детская терапевтическая стоматология
2010г»
3. www.google.ru